

Райбаев Д.Қ.

**Экстремист қылмыскердің
криминологиялық сипаттамасы**

Осы мақала шеңберінде автор экстремист тұлғасы сияқты өте күрделі, көп қырлы, көп аспектілі мәселені қарастырып, діни экстремистік бағытты ұстанушы тұлғаға жалпы сипаттама беруге, оның әлеуметтік-демографиялық, психологиялық болмысын және оны шеткі әрекеттерге итермелеуші себептерді ашуға тырысады. Экстремистік бағыттағы қылмыскер психологиясы механизмінің күрделілігі, экстремизм генезисіндегі ең бастысы-индивидтің өзін-өзі таныту қажеттілігінің пайда болу себептері зерделенеді. Статистикалық мәліметтер негізінде жеке тұлғаны осындай қылмыс түрін жасауға ықпал етуші факторлар мен оның әлеуметтік жағдайы қарастырылады.

Түйін сөздер: қылмыскер тұлғасы, әлеуметтік-демографиялық сипаттама, дәстүрлі емес дін өкілдері, психикалық күйзеліс, дінтану.

Raibaev D.K.

**Criminological characteristics of
the personality of extremist**

In this article the author considers very complex, many sided and many aspect of the problem as the identity of the extremist. An attempt was made to give a General description of the identity of the person extremist, its socio-demographic and psychological entity, as well as disclosure of the reasons contributing to commit extreme action. We study the complexity of the psychological mechanism of individual persons extremist, the causes of the needs of the individual in expression. On the basis of statistical data factors and social status of the offender contributed to the Commission of this crime.

Key words: the identity of the offender, socio-demographic characteristics. representatives of non-traditional religions. mental disorder. religious science.

Райбаев Д.Қ.

**Криминологическая
характеристика личности
экстремиста**

В рамках данной статьи автор рассматривает очень сложную, многогранную и многоаспектную проблему как личность экстремиста. Сделана попытка дать общую характеристику личности лица экстремистской направленности, его социально-демографической и психологической сущности, а так же раскрытию причин способствующих к совершению крайних действия. Изучается сложность психологического механизма личности лица экстремистской направленности, и самое главное в генезисе экстремизма- причины возникновения потребности индивида в самоутверждении. На основе статистических данных рассматриваются факторы и социальное положение преступника способствовавшие совершению данной преступности.

Ключевые слова: личность преступника, социально – демографическая характеристика, представители нетрадиционной религии, психическое расстройство, религиоведение.

ЭКСТРЕМИСТ ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қылмыстылық – адамның мінез-құлық нысандарының бірі, ал қылмыс – адамның саналы түрде жасаған әрекеті, нақты қылығы. Адамның тұлғасын сипаттайтын қасиеттердің бәрін біліп алмай, жеке тұлға қылмысының себебін немесе жалпы қылмыс себебін білу және түсіну мүмкін емес.

Криминологияда адам қылмыскер болып тумайды, қылмыскерлік тұлғаның қалыптасу кезеңіндегі жайсыз жағдайлардың салдарынан пайда болады деп пайымдалады. Алайда, жайсыз жағдайлардың бәрі бірдей және әр уақытта қылмыстық мінез-құлық тудырады деп ойлауға болмайды. Адам іс жүзінде өзінің психологиялық табиғатына сай келетін шарттар мен факторларды таңдап алып, оны белгілі бір дәрежеде игереді. Адам жанына, оның психологиялық болмысына тек әрекеттері арқылы ғана баға беруге болады.

Қылмыскер тұлғасы қылмыстылыққа итермелеуші әлеуметтік өмір жағдайы мен осы жағдайдың салдарынан болған қылмысты арасын жалғастырушы буын болып саналады. Жеке тұлға қылмыс жасау себепкері болып табылатындықтан біз өз зерттеуімізде экстремизм мен экстремистік бағыттағы қылмыстарды ескерту үшін ең алдымен экстремист жеке тұлғасын детальды түрде зерттеуіміз қажет.

Криминологияда көптеген жылдар бойы қылмыскердің жеке тұлғасы мәселесіне қатысты пікірталастар жалғасуда. Мұндай талқылаулардың қисындық нәтижесі авторлардың қылмыскер жеке тұлғасы ұғымына қатысты өз пікірлерін дәлелдеуі. Дұрысы ғалымдардың қылмыскер жеке тұлғасына қатысты негізгі ойларын топтастырып, оларды жеке бағыт ретінде қарастыру қажет деп ойлаймыз.

Ғалымдардың біразы қылмыскер жеке тұлғасын күрделі, жағымсыз қасиет, жағдай кешені ретінде қарастырып, олардың құрылымы, әлеуметтік және психологиялық сипаттамасы нақты объективті жағдайлармен бірлесіп, қылмыстық мінез-құлықты құрайтынын көрсетеді [1, 2].

Кейбір криминологтар «қылмыскер тұлғасы» терминін пайдаланудың ғылыми дұрыстығына күмән келтіреді. Қабылдауға ыңғайлы болмағанмен «қылмыс жасаушы (жасаған) адамның (индивидтің) жеке басы» сөз тіркесін пайдалану дұрысырақ болар еді [3].

Біз жоғарыда айтылғандарды есепке ала отыра өз жұмысымызда қалыптасқан, ыңғайлы ұғым «қылмыскер тұлғасы» деген тіркесті пайдаланамыз. Қылмыскер тұлғасы ретінде қылмыстық әрекеті үшін кінәлі, яғни қылмыстық заңмен қарастырылған және өзі үшін жалпы мотивтерді жүзеге асыруға бағытталған, қасақана, мақсатты әрекеттер жүйесін жасаған адамға қатысты ғана қолданылуы керек деген пікірлер айтылды. Басқа жағдайларда қылмыс жасаған адам туралы айту керек.

Біздің пікіріміз бойынша, қылмыскер тұлғасын зерттеуге байланысты айтылған бағыттар ішінде бірінші пікір негізді деп санаймыз. Бұл бағытқа сәйкес қылмыскер тұлғасы күрделі құрылым ретінде қарастырылып, оның мазмұны тұлғаның қоғамға қайшы бағыттылығын туындататын моральды-психологиялық ақаулар, деформацияланған құқықтық сана, жағымсыз өмірлік ұстанымдар, эмоционалдық және психикалық қасиеттер мен ерекшеліктер жиынтығын, құндылықтар мен бағыттар жүйесінің бұрмалануын көрсетеді.

Осы аталған факторлардың барлығы пайда болған (әлеуметтік) сипатқа ие. Сондықтан, қылмыскер тұлғасына жоғарыда аталған жағымсыз қасиеттер мен мінездемелер жиынтығы тән және олар нақты өмір жағдайында адамның (қылмыскердің) қылмыстық қолсұғушылық туралы шешім қабылдауында маңызды рөл атқарған.

Экстремистік мазмұндағы қылмыс жасаған адамның жеке басы бір жағынан қылмыскер тұлғасының барлық белгілерін ашса, басқа жағынан жеке тұлғаның жалпылама нысандағы тұлғалық ерекшеліктерін көрсетеді. Ю.М. Антонян террорист жеке тұлғасын қарастыра отырып: «Егер террористерге жалпы психологиялық сипаттама беріп көрмек болсақ, оларды экстремистік типтегі сана-сезім иелеріне жатады деген қорытындыға келуге болады. Алайда, мұндай ой көрсетілген санаттағы адамдар белгісін детальды түрде қарастырмаған жағдайда бұлыңғыр және бір мәнді емес болып көрінеді...» [4].

Сөйтіп, осы айтылғандар негізінде, экстремистік бағытта қылмыс жасаған тұлға ретінде өз психологиялық ерекшеліктері, қоғамға қайшы әрі дәстүрлі емес діни көзқарастары бар және өмірлік құндылықтарға теріс қарап, жаңа мемлекеттік құрылым құруды көксейтін, жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық қауіпті жол таңдаушы тұлғаны айтамыз.

Криминологияда қылмыскер тұлғасының сипаттамасы оның құрылымы арқылы ашылады.

Құрылым – бұл элементтері арасында тұрақты өзара байланыс бірлігі ретінде шығатын жүйе құрылымы мен ішкі нысаны. Қылмыскер тұлғасы құрылымының элементтері оны жеке бүтін жүйе ретінде сипаттайтын оның жеке қасиеттері, ерекшеліктері мен жағдайы [5].

Бұл жерде криминологияда қылмыскер тұлғасының құрылымдық компоненттерін белгілеуге қатысты бір ыңғайдың жоқтығын айта кеткен жөн. Бір авторлар қылмыскер тұлғасы құрылымын ғылыми-практикалық мәні зор әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық сипаттамаларын есепке алмастан тек психологиялық бағыттан қарастырады [6].

Алайда өз еңбектерінде қылмыскер тұлғасы құрылымына әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық және моральдық-психологиялық компоненттерді енгізген авторлар да біршама.

Қылмыскер тұлғасы құрылымына қатысты айтылған пікірлерді экстремистік бағыттағы қылмыстар жасаушы тұлғалар құрылымын зерттеуде негізге алдық.

Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық аспектісін ашуда оның жынысы, жасы, білім деңгейі, отбасы жағдайы, әлеуметтік жағдайы мен кәсібі және т.б. туралы мәліметтер назарға алынады. Бұл мәліметтергестатистикалық деңгейде талдау жасау арқылы қылмыскер тұлғасының демографиялық көрсеткіштерін, әлеуметтік жағдайы мен мәртебесін, білім мен мәдени деңгейін анықтаймыз.

Ал қылмыскердің қылмыстық-құқықтық сипаттамасына қылмыстық қолсұғушылық мотиві, мінез-құлқының кәнігілік нысаны, қылмыс жасау кезіндегі психикалық жағдайы, рецидив туралы мәліметтер кешені енеді. Қылмыстық-құқықтық сипаттама негізінде қылмыстық қолсұғушылық генезисі, қылмыскердің қоғамға қайшы бағытының тұрақтылығы мен тереңдігі, қоғамдық қауіптілігі туралы қорытындылар жасаймыз.

Экстремист тұлғасын зерттеу оның моральдық-психологиялық мінез-құлық спецификасынсыз толық болмас еді. Оған тұлғаның мінез-құлық бағыты, эмоционалдық-ерік қасиеттері, моральдық бейнесі, физикалық және психикалық денсаулығы мен т.б. көрсеткіштер жатады. Осылар негізінде жеке қылмыстық мінез-құлық детерминанттарын айтып, болжам жасауға, жаңа қылмыстарды ескертуге болады.

Сөйтіп, қылмыскер тұлғасы құрылымын жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша қарастыру қылмыскердің ерекше қасиеттерін

анықтап, соның негізінде типологиясын жасауға, қылмыстық әрекетінің алдын алуға болады.

Зерттеу барысында біздің тарапымыздан 150 мұрағаттық қылмыстық істер зерделенді. Зерттеу мақсаты экстремист тұлғасының спецификалық қасиеттерін анықтау, сонымен қатар зерттеу негізінде қылмыскер типологиясын құру болып табылады.

Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық мінездемесін зерттеу үшін пайдаланылған қылмыстық істерді, сауалнамалық мәліметтерді зерделеу негізінде экстремистік бағыттағы қылмыстар жасаушы тұлғалардың ер адамдар екендігіне көз жеткіздік. Бұл қылмыс түрінің 85% ер адамдар жасаса, тек 15% ғана әйелдер үлесінде. Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасының маңызды элементтерінің бірі-адамның жасы десек, сауалнама нәтижелері төмендегідей: экстремистік бағытта қылмыс жасаған тұлғалардың 39% 25-30 жас аралығындағылар, 37% 18-24 жас аралығындағы азаматтар. Бұл ең алдымен экстремистік бағыттағы кез келген қылмыстылық – тұлғалардың спецификалық, қоғамға қайшы принциптерін көрсетуі, барлық адамдардың конфессиялы, ұлттық, нәсілдік тегіне қарамастан тең деген конституциялық құқықтарын жоққа шығару болып табылады. Осы сипаттамалар мұндай қылмыс түрін жасаушы тұлғалардың рухани жан дүниесінің тұрақталмағандығын, ішкі дүниетаным әлеуетінің қалыптаспағандығын білдіреді немесе ол үшін экстремизм, ұлтшылдық немесе шовинизм ішкі сана-сезіміне қолайлылық беретін аса керек қажеттілік екендігін көрсетеді. Біздің бұл ой тұжырымымызды Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шарифтің діни экстремистердің бет-бейнесіне қатысты берген бағасы бекіте түседі: «...шетелден келген идеялық бағдарларды қабылдаған және де идеологиялық манипуляция елегінен өткен 20-30 жастағы адам. Бұған әлеуметтік түйткілдер шоғырын да қосқан жөн. Өйткені барша адам субъективті яки объективті себептерге байланысты өмірден өз орнын, яғни, Ұлы Абай айтқан, «дүниеден өз кетігін тауып, кірпіш болып қалана» алмауы мүмкін. Бәлкі оларға университетке оқуға түсіп, жоғары жалақылы қызметке тұру қол жетпес арман шығар? Осыдан да бірқатар әлеуметтік игіліктерден шеттетілгендей болып жүрген жас өзіндік бір реваншқа бой ұруы ықтимал. Бұл мақсатына жету үшін ол қандай да бір ықпалды топтың немесе қоғамдық күштің мүшесі болуға ықылас білдіреді. 1990 жылдары жастардың

қылмыстық топтарға кіруге ұмтылғаны есімізде. Кейіннен бұл сәннен қалды, тіпті маңызды болмай қалды. Ал бүгінгі маргиналдық қуатты сыртқа шығарудың бір арнасы – діни экстремизм.

Сондықтан да, экстремист дегеніміз ең алдымен – күнделікті проблемалар батпағына батқан жан. Бұл идеологиялық, әлеуметтік, қаржылық яки психологиялық мәселелер. Рас, кейде адамның жағдай дұрыс болуы мүмкін: жоғары білімді, жақсы қызметі бар, үлгілі отбасылы, керек десеңіз, аса дарынды. Дегенмен, ол радикализмнің соңынан еріп кете барады. Бұл жердегі себеп – психологиялық тұрақсыздық» [7].

Р.Т. Завотпаев өз еңбегінде: «... терроризм идеологтары мен практиктері өз назарларын социумның психологиялық тұрғыдан төмен қорғалған бөлігіне-балалар мен жасөспірімдерге аударуда: палестиналық террорист-шахидтердің көбі – 14-16 жастағы жасөспірімдер», – деп көрсетіп, түрлі діни ағым өкілдерінің өз ойларын жүзеге асыру үшін әрекет қабілеттілігі шектеулі субъектілердің жас ерекшеліктерін есепке алмайтындықтарына тоқталады [8].

Қазақстандық белгілі саясаттанушы Ерлан Карин бұл туралы «...терроризм бабы бойынша сотталғандардың әлеуметтік сипаттамасы төмендегідей: қылмыстық іс қатысушыларының 55% көбі 17-29 жас аралығындағы жастар болса, олардың 36%-ы 25 жасқа толмағандар, ал 35%-ы 30-35 жас аралығындағылар. Ең жасы – 17-де болса, ең үлкені – 48 жаста. Радикалды топтардың 56 мүшесінің орта білімі туралы аттестаты болса, олардың біреуі небәрі 4-сынып бітірген, 16%-ының арнайы орта білімі және тек 18% қана жоғары білімі болған. Осы бап бойынша сотталғандардың 220-сының 6%-ы ғана арнайы діни орындарға барып тұрған. Бұл жауапқа тартылғандардың басым бөлігінің діни білімдерінің жоқтығын көрсетеді» [9].

Сондай-ақ, «Аль-Каиданың» 400 террорисінің материалдарын зерделеген американдық ғалым М. Сейджманның төмендегі мәліметтері террористердің әлеуметтік бейнесін мүлдем басқа қырынан ашады: «...Террористердің басым бөлігі (90%) – бұл жағымды сипатталатын, толық отбасынан шыққан өкілдер; олардың 63% колледждерді аяқтаған; «Аль-Каида» мүшелері 14 жасар жеткіншектер емес, орта жасы 26-да; төрттен үш бөлігі-бұл кәсібилер мен жартылай кәсібилер, олардың арасында инженерлер, сәулетшілер, ғалымдар, аз бөлігінде ғана гуманитарлық білімдері бар және ең таң қаларлығы – діни білімі барлар жоқтың қасы,

террористердің шамалы бөлігінің кәсіби әскери білімдері бар; 73% үйленген, басым бөлігінің балалары бар; террористердің 13% ғана діни мектептерде (медреселерде болғандықтан діни фанатизм туралы айтпаймыз) оқыған. 400 адамнан тұратын фокус-топтың психологиялық ауытқу жағдайына келер болсақ, тек төрт адамнан ғана адекватты емес мінез-құлық емеуріні байқалды.

Террористердің жаңа типі компьютерлік технологияларды өте жақсы меңгерген, 3-6 шет тілінде сөйлейді немесе түсінеді, оның ішінде 2-3 батыс тілдерін-неміс, француз және ағылшын тілдерін біледі.

Егер Батыста тұратын террористер елін сағынса, өз отандастарын мешіттерден табуға тырысады. Олар Батыс елдері мен АҚШ-та саяхаттап жүріп, діндарлығынан емес, өзі сияқтылармен қарым-қатынас жасап, достар табу үшін мешіттерге барады» [10].

Сөйтіп, экстремистік бағыттағы қылмыскерлердің әлеуметтік жағдайын сипаттауда бір-біріне қарама-қайшы пікірлердің бар екендігіне көз жеткіздік. М. Сейджманның пікірі негізінде экстремистік бағытты ұстанушы тұлғалардың әлеуеттік мүмкіндіктерінің жоғары екендігі мына субъективті пікірлермен байланыстырамыз:

АҚШ-та діни ағым ұйымдарын қаржыландыруға бөлінетін қаржы көлемінің қомақтылығы;

Саяси мақсаттардың болуы мен жүргізілетін идеологиялық жұмыстардың қарқындылығы;

ұйым жетекшілерінің өз мақсаттарына қол жеткізу үшін бірізділік, жүйелілік принциптері негізінде жұмыс істейтіндігі.

Экстремист жеке тұлғасын ашуға берілген бұл сипаттама төрт-бес жыл ішінде біздің криминологтарымыздың тіліне тиек етуші қылмыскер бейнесін сипаттаушы қасиеттерге айналмасына ешкім кепілдік бере алмайды. Оның алғышарттары Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шарифтің жоғарыда берген пікірінен де байқадық.

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеу орталығының президенті, әлеуметтанушы Гүлмира Илеуованың айтуы бойынша: «Қазақстанда террористік ұйымдар бөлек әрекет етеді, сонымен қатар оларды қаржыландырудың тұрақты, бір қалыпқа түсірілген каналы жоқ... Қазақстан үшін ең қауіпті факт – дәстүрлі емес дінді тартушылар арасында орта мектеп түлектері-жастардың көп болуы».

Бұл жағдай аз уақыт ішінде Қазақстан Республикасын экономикалық және саяси жағы-

нан перспективті, қоғамдық пайдалы еңбек қолдарынан айырып, зайырлы, құқықтық мемлекет өміріне атсалыса алмайтын, қарапайым танымдық сана-сезімі төмен, діни фанаттардың өмірге келуіне ықпал етеді.

Осы мақсатта құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама бойынша қызметкерлердің 81% кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың басты себебі – отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауы деп санайды. Оған отбасында арақ ішіп, есірткі қабылдайтын, ата-аналық құқықтарынан айрылған, жиі жанжалдасатын отбасылармен қатар, сырттай жағымды әсер қалдырғанмен дінге шектен тыс берілген, өзге халық мәдениеті мен тілін, ділін қабылдағысы келмейтін отбасыларды да жатқызамыз. Көптеген ата-аналар өз балаларының бос уақыттарын қалай өткізіп жүргендігіне көңіл бөлмейді. Бақылаудың жоқтығынан жасөспірімдер түрлі әсерлерге еріп, көбіне өзгелерге еліктеп, псевдодіни ұйымдарға мүше болып кетеді. Бұл туралы А.А. Шестаков, «... бір жағдайларда отбасы ұстап тұрушы фактор болса, басқа жағдайларда қылмыс жасауға итермелеуші, оны тездетуші факторды орындайды» [11].

Сондықтан отбасының өсіп келе жатқан жасөспірім тәрбиесіне, психологиялық көңіл-күйіне тигізер әсері мол. Тұлға сонымен қатар, педагогикалық әсер ету жолымен отбасынан тыс жерде де қалыптасады. Тәрбиелей әсер етудің бұл бағыты оқу-тәрбиелеу ұйымының жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан жалпы орта білім беру мекемелерінде беріліп жатқан «Дінтану» сабағын тарихшы, әдебиет пәні мұғалімдері емес кәсіби мамандар-теологтар өткізген жөн. Мұндай қажеттілік ақпараттық технологияның дамыған бұл заманында интернет желісі арқылы ақыл-ойы бекімеген жасөспірімдер санасына түсетін оң және теріс бағыттағы ақпараттар легінің көптігімен, олардың ақпараттарды қабылдағанмен оның жақсысын жаманынан ажырату мүмкіндіктерінің аздығымен байланысты. Осы мақсатта түрлі теріс бағыттағы діни ағымдар мен одан туындайтын өзге қылмыстардың алдын алу бойынша оларды зорлықтан сақтандыратын, кез келген дінге, оның өкілдеріне құрметпен қарап, оның тарихын зерделеулеріне ықпал етуші бағыттар таңдалуы керек. Біз жоғарыда атап көрсеткендей, экстремистік бағыттағы қылмыстар өз табиғаты бойынша қылмыскердің мәдени және білім деңгейімен байланысты. Сондықтан да зерттеу жұмысы үшін экстремистердің білім деңгейінің

маңызы зор. Экстремистік бағыттағы қылмысы үшін сотталғандардың істерін қарастыру барысында (2010-2013 жж.) орта білімі толық емес сотталғандар – 27%, орта білімі бар сотталғандар – 30%, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 35%, жоғары білімі барлар – 8% құрады. Осы эмпирикалық мәліметтер негізінде экстремистік бағыттағы қылмыстарды білім деңгейі төмен немесе аяқталмаған жоғары білімі бар тұлғалар жасайды. Қарастырылып отырған санаттағы қылмыскерлердің жоғары білім деңгейінің болуы экстремистік сипаттағы әрекеттер орындалуының күрделілігіне байланысты орындаушының даму деңгейінің жоғары болуын немесе оның психология, тарих, мәдениеттануды жақсы білуін және адамдарды айтқанына сендіре білу дағдысының болуын қажет ететіндігімен негізделеді.

Тұлғаның теріс қалыптасуының маңызды факторы туысқан, дос-жаран мен таныстар сияқты жақын ортаның жағымсыз әсері болып табылады.

Бұл орта тұлғаны жағымсыз жағынан қалыптастырып қана қоймай, өз қатарын осындай адамдармен толықтырып отырады. Экстремистік сипаттағы қылмыстары үшін сотталғандар криминогендік ортадан өзіне мүдделестер іздейді, өз қылмыстық ойларын жүзеге асыру үшін топтарына жасөспірімдер мен таныстарын, достарын тартады.

Қылмыскер жасаған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін, оның ұстанымдарының тереңдігі мен тұрақтылығын анықтау үшін қылмыстық қолсұғушылық генезисіне назар аудару қажет. Оған қоғамдық қауіпті мінез-құлқының негізгі нысандары, қылмыс жасауының кейбір жағдайлары, құқыққа қайшы әрекеттерінің қайталануы жатады. Бұл міндетті шешуге қылмыскер тұлғасының қылмыстық құқықтық сипаттамасы көмектеседі.

Кінәлілердің қоғамдық қауіптілік сипаттамасында олардың қылмыстық әрекеттерінің мотиві мен мотивациясының маңызы зор. Кез келген қылмысты жасау механизмі қылмыстық мотивацияны немесе индивидті қылмыстық мінез-құлық жасауға итермелеуші фактілерді анықтауды белгілейді. «Мінез-құлық мотиві – бұл адамның ішкі әрекет түрткісі, сыртқы орта мен нақты жағдайлар әсерімен пайда болатын әрекет, қажеттілік пен мүдделер, сезімдер мен адам қалауы» [12].

Мотив қажеттілікті қанағаттандыра отырып, екі қызмет атқарады. Бірінші қызмет – адамның қандай да бір әрекет жасауына түрткі болу.

Екінші қызмет – әрекетке қандай да бір тұлғалық ой беруші, ой туындатушы. Осы көзқарасқа сәйкес, экстремистік әрекеттер әлеуметтік, діни және ұлттық дау-дамайларды арнайы тұтандыру жағдайында зорлық әдістер арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік және қоғамдық құрылымды өзгерту, егемендік пен мемлекеттік билік негіздерін бұзуға ұмтылу түріндегі айрықша әрекеттерді білдіреді. Мұндай мотивтің болуы, әрине, кейбір экстремистер басшылыққа алатын көптеген әртүрлі мотивтерді жоққа шығармайды. Дегенмен, объективті тұрғыдан алғанда әлеуметтік, діни және ұлттық дау-дамайларды арнайы тұтандыру жағдайында зорлық әдістер арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік және қоғамдық құрылымды өзгерту, егемендік пен мемлекеттік билік негіздерін бұзуға ұмтылу түріндегі іс-қимылдар олардың барлық әрекеттерінің мәні болып табылады.

Экстремист осы мотивке қол жеткізу үшін түрлі әрекеттерге барады: құрбанның ізіне түседі, болашақ террористік акт жасау орнын қарастырады, қару-жарақ дайындайды, көлік мәселесімен қатар басқа да сұрақтарды шешеді.

Жалпы қылмыстық мінез-құлық туралы айтатын болсақ, құқықтық тыйымды бұзуға байланысты, қоғамдық мүдделерге қолсұғушылық жасауға байланысты кез келген қылмыстар қылмыскердің қоғамды сыйламайтындығының көрсеткіші. Экстремистік мазмұндағы материалдарды қасақана тарату, ең алдымен, қылмыскердің өз қажеттіліктерін жүзеге асырудың осы түрін таңдауды дұрыс деп санайтындығын және оған сенімді екендігін көрсетеді.

Сондықтан қылмыс мотивін анықтаудың зор криминологиялық рөлі бар Ю.М. Антонян: «Мотив мінез-құлық ішінде жатып, шынайылықтың психологиялық нысандарының бірін көрсетеді. Ол оның мазмұнын ақтарып, мінез-құлықтың адаммен қосылу кезеңдерінде көрініс табады [13].

Қылмыскер тұлғасының ерекшеліктерін көрсете отырып, мотив қылмыскердің қоғамға қайшы көзқарастары дәрежесі мен тереңдігін белгілеуге ықпал етеді. Жасалған қылмыс мотивін зерттеу арқылы қоғамдық қауіпті ниеттердің пайда болу жағдайын анықтауға болады.

«Мотив» (француздық *motif*) сөзі себеп түрткісі деген мағынаны беріп, қандай да бір әрекет себебі болып табылады [14]. Сөйтіп, деструктивті мінез-құлық мотиві сыртқа шығу үшін қандай да бір белсенді әрекеттерді талап ететін, ішкі жүйке энергиясы бар қандай да бір ішкі импульстар болуы мүмкін.

Бәрімізге белгілі мақсат бағыты – кез келген адам әрекетінің айрықша қасиеті, «қылмыс мақсаты – адамның қоғамдық қауіпті әрекет жасау арқылы жетегін нәтижесі» [15]. Өз кезегінде мотив «Қылмыстық әрекетке түрткі болып, оған итермелеуші күш, оның ішкі қайнар көзі болып табылады» [16].

Мотивациялық сала арқылы құқықтық немесе құқыққа қайшы мінез-құлықтың шынайы сипатын түсінуге болады. Ол арқылы адамның мінез-құлық мотивін, оның қажеттіліктерін (бедел, билік, қауіпсіздік) белгілейміз.

Қазіргі таңда экстремистік бағыттағы қылмыстар мотивациясына арналған теориялық еңбектер жеткіліксіз. Дегенмен, қылмыстық мінез-құлық мотивациясы жүйесінде экстремистік әрекеттер жасауға итермелеуші қажеттіліктерді анықтау экстремист тұлғасын объективті тұрғыдан түсінуге өте қажет болып табылады. Экстремистік мазмұндағы қылмыстардың не мақсатпен және не үшін жасалатындығы туралы сұрақтарға жауап береді.

Біз осыған қатысты айтылған Д.В. Ольшанскийдің «экстремистік мазмұндағы қылмыстар мотивациясы экстремист әрекеттеріне айрықша «жоғары мән беріп» экстремист әрекеттерін ақтайтын және түсінік беретін, оның көлемінен экстремистік әрекеттер идеологиялық бояуға белгілі бір дәрежеде қанығатын қандай да бір тұлғалық идеялар беретін идеялық-риторикалық конструкция болып табылады. Экстремист үшін идеялық-риторикалық бағыттар өте маңызды болып, оны қарапайым адам өлтірушіден ерекшелендіреді [17]. Шынымен экстремистік бағыттағы қылмыстар исламдық діни канондар ретінде тіркеліп, өздерінің саяси экстремистік мақсат-мүдделерін жүзеге асырмақ болу жағдайы жиі кездесуде.

Бірқатар ғалымдардың пікірлері бойынша нормадан ауытқушы немесе қылмыстық мінез-құлық жағдайында бірінші кезекке мойындау, қауіпсіздік, беделін немесе мәртебесін сақтау, көтеру, лидерлік, басымдылық таныту және т.б. әлеуметтік қарым-қатынас жасау қажеттіліктері қойылады.

Х. Хеккахаузен адам қажеттіліктерінің төмендегідей түрлерін белгілейді:

- 1) өзін өзектендіру;
- 2) өзін-өзі құрметтеу;
- 3) әлеуметтік байланыстар қажеттілігі;
- 4) қауіпсіздік;
- 5) физиологиялық [18].

Шын мәнінде, тұлға қажеттіліктері барлығының ішінде айрықша орынға ие. Ең бастысы,

адамның өзін-өзі таныту қажеттілігі болып табылады, ал оған жоғары бағаға ие болу, өзін-өзі бағалау, беделге ие болу сияқты қасиеттер жатады. Нәтижесінде адам өзін тәуелсіз сезініп, қоршаған ортасындағы өзгерістердің қайнар көзі болып, оны өзі үшін қауіпсіз етеді. Бұл оның топ алдында, қоғам мен өзінің алдында қажетті деңгейде көрінуіне мүмкіндік береді. Алайда бұл өзгерістер өзге топтар немесе қоғам тарапынан талап етілген бағаға қол жеткізу арқылы емес, өзінің ішкі проблемаларын (өз-өзіне сенімсіздік, әлсіздігін мойындау немесе өзіндік бағасының төмендігі) шешуге бағытталған белгілі бір әрекеттер (оған қылмыстық та жатады) жасау нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

Топтық деңгейде өзін-өзі таныту дегеніміз тұлғаның өзіне жақын қоршаған ортада, яғни отбасы мүшелері алдында мойындауға ие болуы деп саналады. Әлеуметтік-психологиялық деңгейде өзін-өзі таныту кең мағынадағы әлеуметтік мойындалу (қызмет баспалдағында көтерілу, кәсіби жетістіктер және т.б.) түсінігінен басқа болуы да мүмкін. Көптеген адамдар, әсіресе, жастар үшін топтық деңгейде өзін-өзі таныту қылмыс (мысалы, ұлттық жауығуды тұтандыруға бағытталған) жасауға негіз бола алады.

Индивидтің әлеуметтік деңгейде өзін-өзі танытуы – микроортаға бағытталмаған оның еңбек, кәсіби немесе қоғамдық қызметпен байланысты нақты әлеуметтік-рөлдік жағдайға тырысуын білдіреді. Әлеуметтік деңгейде өсу әдетте билікке ие болу, карьерамен, материалдық игіліктерді қамтамасыз етумен байланысты. Оның әлеуметтік деңгейдегі ең жоғарғысы әдебиетте өз әлеуметтік мүмкіндіктерін жүзеге асыру қажеттіліктері деп аталатын өзіндік өзектілік қажеттілігі [19].

Экстремистік бағыттағы әрекеттерден қандай да бір қажеттіліктердің болуын анықтау қиын. Алайда, мұндай қиындықтар қажеттіліктің болмауынан емес, мұндай мінез-құлық психологиялық механизмінің күрделілігімен байланысты. Біз экстремизм генезисіндегі ең бастысы индивидтің өзін-өзі таныту қажеттілігі деп санаймыз. Әрине, бұл жерде өзін-өзі таныту қажеттілігі неліктен өзге адамдар есебінен, зорлық көрсету, жарамсыздыққа ұшырату, жағымсыз әлеуметтік зардаптарға ұшырату жолымен жүзеге асырылуы керек деген заңды сұрақ туындайды.

Көп жағдайда мұндай тектес белсенділік адамның ішкі дискомфорта, іште жиналып қалған психикалық күйзелісті сыртқа шығару, фрустрация қажеттілігімен түсіндіріледі.

П.М. Якобсон: «..фрустрация – бұл адамның өз жағдайына қанағаттанбауымен, жеке кемшіліктеріне байланысты тұрақты түрде күйзелуі», – деп түсіндіреді [20]. Бұл жағдай субъектінің тұлға ретіндегі мәні мен құндылығының шынайы жетістіктер мен қоғамдық мойындалуы арасындағы алшақтықтың болуына негізделеді.

Қызметте жетістікке қол жеткізбеуден туындаған психикалық күйзеліс жағдайы мазасыздық, қанағаттанбаушылық сезімдерімен сипатталады. Фрустрация кезінде осы жағдайға реакция ретінде агрессия, жауығу сезімдерінің күшейетіндігі байқалады.

Бұл туралы Ю.М. Антонян: «Жалпы мағынада агрессия күш көрсету, жеке адам немесе адамдар тобына қатысты күш қолдану қаупін білдіруі мүмкін. Агрессия жеке немесе ұжымдық сипатқа ие», – дейді [21]. Әрине, мұндай жағдайда адам өзін толық емес күйде сезініп, оның мотивтері терең, санасыз сипатқа ие болып, өз-өзіне сенімсіздік, қорқыныш, мазасыздық,

өмірдегі өз орны үшін қорқыныш сезімдері баурайды. Мазасыздық сезімінің жоғарылығы мен күйзелісінің тереңдігі сонша, ол адам өзін-өзі таныту үшін өзгелерді ысырып, тіптен бойындағы қауіп көзін жою, яғни өз психологиялық проблемаларын шешу үшін ең соңғы шараларға да барады. Сөйтіп, оның белсенді әрекеттері ішкі психологиялық проблемаларын шешуге, өзіне деген қатынасын (өз-өзіне сенімсіздік, ішкі әлсіздік, өзіндік бағасының төмендігін) өзгертуге бағытталады. Өз әрекеттерінің мәнін жақсы түсінбегенмен оның нәтижесі субъектіні қанағаттандырып, психикалық күйзелістен шығарып, жоғалтқан ішкі рухани көңіл-күйінің қалпына келуіне ықпал етеді.

Сонымен, бір мақала шеңберінде біз адамның ішкі болмысын зерделеу сияқты өте күрделі, көп қырлы, көп аспектілі мәселені қарастырып, діни экстремистік бағытты ұстанушы тұлғаға жалпы сипаттама беруге, оны шеткі әрекеттерге итермелеуші себептерді ашуға тырыстық.

Әдебиеттер

- 1 Личность преступника / Под ред. В.Н.Кудрявцева, Н.С.Лейкиной, Г.М. Миньковского и др. – М.: Юрид. лит., 1975. – 270 с.
- 2 Блувштейн Ю.Д. Проблема личности преступника // Вопросы борьбы с преступностью. – Вып. 28. – М.: Юрид. лит., 1978. – С. 20.
- 3 Антонян Ю.М., Кудрявцев В.Н, Эминов В.Е. Личность преступника. – СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2004. – 366 с.
- 4 Антонян Ю.М., Давитадзе М.Д. Этнорелигиозные конфликты: проблемы, решения. – М.: Щит-М, 2004. – 368 с.
- 5 Платонов К.К. Структура и развитие личности. – М.: Наука, 1986. – 254 с.
- 6 Зелинский А.Ф. Криминология: Учеб. Пособие. – Х.: Рубикон, 2000. – 240 с.
- 7 Интернет ресурсы. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=19449>
- 8 Завотпаев Р.Т. Предупреждение терроризма в Республике Казахстан: (уголовно-правовой и криминологический аспекты): Автореф. ... к.ю.н. – Караганда: КЮИ МВД Республики Казахстан им.Б.Бейсенова, 2004. – 30 с.
- 9 <http://www.nomad.su/>
- 10 Сейджман М. Сетевые структуры терроризма/ Пер с англ. И. Данилина. –М.: Идея-Пресс, 2008.-218 с.
- 11 Шестаков А. А. Введение в криминологию семейных отношений. – Л., 1980. – 135 с.
- 12 Криминология. Учебник для юридических вузов. Под общей редакцией докторы юридических наук, профессора А.И. Долговой- М.:Издательская группа ИНФРА . М-НОРМА, 1997.- 784 с. – С. 61
- 13 Антонян Ю.М. Причины преступного поведения – М.: Академия МВД РФ, 1992. – 207 с. – С.160
- 14 Словарь иностранных слов. – М.: Советская энциклопедия, 1983. – 784 с. – С. 425
- 15 Волков Б.С. Мотивы преступлений. – Казань: Казанского ун-та, 1982. – 152 с. – С.7
- 16 Джекебаев У. С., Рахимов Т. Г., Судакова Р. Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 192 с. – С.19
- 17 Ольшанский Д.В. Психология террора. – Екатеринбург: Деловая книга, 2002. – 320 с. – С. 140
- 18 Хеккахаузен Х. Мотивация и деятельность. – Т. 1. – М., 1986. – С. 114
- 19 Антонян Ю. М. Психология убийства. – М., 1997. – 187 с. – С. 270
- 20 Якобсон П. М. Психологические проблемы мотивации поведения человека. – М., 1969. – 95 с. – С. 84.
- 21 Антонян Ю. М. Общий очерк о преступном насилии // Человек против человека. Преступное насилие. – СПб., 1994. – С. 11

References

- 1 Lichnost' prestupnika / Pod red. V.N.Kudrjavceva, N.S.Lejkinoj, G.M. Min'kovskogo i dr. – М.: Jurid. lit., 1975. – 270 s.
- 2 Bluvshjtejn Ju.D. Problema lichnosti prestupnika // Voprosy bor'by s prestupnost'ju. – Vyp. 28. – М.: Jurid. lit., 1978. – S. 20.

- 3 Antonjan Ju.M., Kudrjavcev V.N, Jeminov V.E. Lichnost' prestupnika. – SPb.: Izdatel'stvo «Juridicheskij centr Press», 2004. – 366 s.
- 4 Antonjan Ju.M., Davitadze M.D. Jetnoreligioznye konflikty: problemy, reshenija. – M.: Shhit-M, 2004. – 368 s.
- 5 Platonov K.K. Struktura i razvitie lichnosti. – M.: Nauka, 1986. – 254 s.
- 6 Zelinskij A.F. Kriminologija: Ucheb. Posobie. – H.: Rubikon, 2000. – 240 s.
- 7 Internet resursy. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=19449>
- 8 Zavotpaev R.T. Preduprezhdenie terrorizma v Respublike Kazahstan: (ugolovno-pravovoj i kriminologicheskij aspekty): Avtoref. ... k.ju.n. – Karaganda: KJul MVD Respubliki Kazahstan im.B.Bejsenova, 2004. – 30 s.
- 9 <http://www.nomad.su/>
- 10 Sejdzhman M. Setevye struktury terrorizma/ Per s angl. I. Danilina. –M.: Ideja-Press, 2008.-218 s.
- 11 Shestakov A. A. Vvedenie v kriminologiju semejnyh otnoshenij. – L., 1980. – 135 s.
- 12 Kriminologija. Uchebnik dlja juridicheskikh vuzov. Pod obshhej redakciej doktory juridicheskikh nauk, professora A.I. Dolgovoij- M.:Izdatel'skaja gruppa INFRA . M-NORMA, 1997.- 784 s. – S. 61
- 13 Antonjan Ju.M. Prichiny prestupnogo povedenija – M.: Akademija MVD RF, 1992. – 207 s. – S.160
- 14 Slovar' inostrannyh slov. – M.: Sovetskaja jenciklopedija, 1983. – 784 s. – S. 425
- 15 Volkov B.S. Motivy prestuplenij. – Kazan': Kazanskogo un-ta, 1982. – 152 s. – S.7
- 16 Dzhekebaev U. S., Rahimov T. G., Sudakova R. N. Motivacija prestuplenija i ugolovnaja otvetstvennost'. – Alma-Ata: Nauka, 1987. – 192 s. – S.19
- 17 Ol'shanskij D.V. Psihologija terrora. – Ekaterinburg: Delovaja kniga, 2002. – 320 s. – S. 140
- 18 Hekkahauzen X. Motivacija i dejatel'nost'. – T. 1. – M., 1986. – S. 114
- 19 Antonjan Ju. M. Psihologija ubijstva. – M., 1997. – 187 s. – S. 270
- 20 Jakobson P. M. Psihologicheskie problemy motivacii povedenija cheloveka. – M., 1969. – 95 s. – S. 84.
- 21 Antonjan Ju. M. Obshhij ocherk o prestupnom nasilii // Chelovek protiv cheloveka. Prestupnoe nasilie. – SPb., 1994. – S. 11